

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 96 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 маусымда № 4959 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 15.11.2019 № 196 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18 және 139-баптарына сәйкес Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Қызбергеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.ДУАНБЕКОВ

Ырғыз аудандық

мәслихатының хатшысы

К. Қосаяқов

20 мамыр 2016 жыл

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23
мамыр № 96 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазым атаулары
1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың лауазымдары	
1	Бас дәрігер
2	Бас дәрігердің орынбасарлары
3	Емханалар, бөлімшелер, кабинеттер және дәріханалар меңгерушісі
4	Барлық мамандықтағы дәрігерлер
5	Барлық мамандықтағы орта медициналық қызметкерлер
6	Әлеуметтік қызметкерлер
2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарының лауазымдары	
7	Жұмыспен қамту орталығының директоры
8	Жұмыспен қамту орталығының маманы
9	Әлеуметтік қызметкер
3. Білім беру саласындағы мамандардың лауазымдары	
10	Білім беру ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімдер
11	Мектеп директоры
12	Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі
13	Интернат меңгерушісі
14	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
15	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
16	Директордың бейін бойынша оқыту жөніндегі орынбасары
17	Шеберхана меңгерушісі
18	Алғашқы әскери дайындық оқытушысы, жетекшісі
19	Лагерь жетекшісі
20	Аға әдіскер, әдіскер
21	Кітапхана меңгерушісі
22	Кітапханашы
23	Педагог-психолог
24	Әлеуметтік педагог
25	Ұйымдастырушы педагог
26	Қосымша білім педагогы
27	Дефектолог
28	Аға тәрбиеші, тәрбиеші
29	Аға шебер, өндірістік оқыту шебері
30	Музыкалық жетекші
31	Дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы
32	Еңбек жөніндегі нұсқаушы
33	Медициналық бике
34	Емдәмбике
35	Аға тәлімгер, тәлімгер
36	Хореограф
37	Зертханашы
38	Көркемдік жетекші

39	Суретші
40	Кабинет меңгерушісі
41	Қосымша білім беру ұйымының директоры
4. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары	
42	Директор
43	Көркемдік жетекші
44	Әдіскер
45	Бөлім меңгерушісі
46	Суретші
47	Аккомпаниатор
48	Режиссер
49	Фольклор жетекшісі
50	Мәдени ұйымдастырушы
51	Хореограф
52	Кітапханашы
53	Мәдени ұйымдастырушы
54	Библиограф
55	Редактор
56	Музыкалық жетекші
57	Дыбыс режиссері
5. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары	
58	Директор
59	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
60	Әдіскер
61	Спорт нұсқаушысы
62	Жаттықтырушы оқытушы
6. Ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдары	
63	Ветеринарлық станция директоры
64	Мал дәрігері
65	Мал дәрігерлік пункт меңгерушісі
66	Ветеринарлық фельдшер